

## Алға ауданы бойынша тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелерін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2012 жылғы 7 ақпандағы № 14 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 17 ақпанда № 3-3-137 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2018 жылғы 1 наурыздағы № 148 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 01.03.2018 № 148 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің қазақ тіліндегі атауындағы, мәтініндегі және қосымшасындағы "ставкаларын", "ставкалары", "ставкасы" сөздері "мөлшерлемелерін", "мөлшерлемелері", "мөлшерлемесі" сөздерімен ауыстырылды, орыс тіліндегі мәтіні өзгермейді – Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 26.04.2017 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтарындағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Кодексінің 422 бабына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Алға ауданының аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 2 "Алға ауданы бойынша салық нысандарына салынатын нақтыланған салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-3-70 тіркелген, аудандық "Жұлдыз-Звезда" газетінің 2009 жылғы 24 ақпандағы № 10 санында жарияланған) және 2009 жылғы 8 сәуірдегі № 5 "2009 жылғы 28 қаңтардағы № 2 "Алға ауданы бойынша салық нысандарына салынатын салық мөлшерлемелерін белгілеу туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 3-3-75 тіркелген, аудандық "Жұлдыз-Звезда" газетінің 2009 жылғы 5 мамырдағы № 19-20 санында жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы:*

*Т. Султанов*

*Аудандық мәслихат хатшысы:*

*А. Кайрушев*

Аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 7 ақпандағы № 14 шешіміне қосымша

## **Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері**

№	Салық салу объектісінің атауы	Мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіштерде)
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	2
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	3
3	Ойын өткізу үшін пайдаланатын дербес компьютер	2
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	5